

языка различны. Тем не менее, они могут быть обобщены в виде концепций. Взгляд преподавателя и образовательного сообщества заинтересованных сторон, безусловно, оказывают существенное влияние на качество процесса обучения иностранному языку. Одна из концепций образования иностранного языка рассматривает его как отрасль научной дисциплины. Данная статья посвящена научно-исследовательской концепции «Иноязычное образование» и описывает связь междисциплинарного характера между наукой иноязычного образования и социальных и гуманитарных наук

Ключевые слова: концепции, научная дисциплина, иностранный язык, образование, прикладная лингвистика.

ГТАХР 19.45

Қ. Тұрсын¹

¹*Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан*

ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ - ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК

Аңдатпа: Зерттеуде жағандану кезеңіндегі Қазақстандық телеарналардың бүгінгі және болашақтағы даму жолдары көрсетіліп, оның сапалық және сандық тұстары сараланады. Теледидардың халық пен қоғам арасындағы қатынасы, ішкі және сыртқы саясаттағы, елдің әлеуметтік-экономикалық бағыттағы санқырлы мәселелері зерленіп, нақтыланады. Автор әлемдегі медиа кеңістігінің күн санап жаңару, құбылу үстіндегі реформалық өзгерістерін де тілге тиек етеді.

Кілт сөздер: жағандану, медиа, көпшілік коммуникация, дүниежүзілік қауымдастық, жаңа ақпараттық кеңістік, кабельдік телевидение, социум заңы.

Өркениетті әлемдегі техникалық әрі шығармашылық жетістіктің ертелі-кеш отандық телеарналарға да жетері даусыз. Сол кезеңде қай телекомпанияның, не телеарнаның хабарларының сапасы жоғары, не төмен деген пікір де айтылмайды, баға да берілмейді. Нәтижені теледидарға орнатылған есептегіш шешеді. Қай арнаны қанша уақыт көрсе, соған тиесілі ақысын көрермен ай сайын төлейді. Хабары көңілден шығып жатқан телекомпания соған лайық байып, қалтасы қалындаса, ал ешкімнің назарын аудармағаны күнкөрістен қағылып, амалсыздан жабылады, не болмаса жаңа ізденіспен жұмыс сапасын жақсартуға кіріседі.

Теледидар - бүгінгі өміріміздің, қоғамымыздың айнасы. Алайда, Қазақстандық телеарналардың көшбасшысы болып отырған “Қазақстан” Ұлттық арнасы (ҰТА) бүгінгі құбылысымызды өз бояуымен көрсетіп отыр ма? Амал не, тек бетінен қалқып ғана өте шығады. Күн сайын сан

бағытта көрсетіліп жатқан телехабарларға тереңдік, байыптылық, жүйелілік жетіспейді. Саясат, экономика, әлеумет жағы мүлдем ақсаулы, қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың бүгінгі тіршілікке, хал-ахуалға көзқарасы мен пікірлері жүйелі берілмейді. Ел аумағында бәрі де ойдағыдай, бәрі де экономикалық дағдарыстан шығар жолды тек үкіметтік бағдарлама деп түсінетіндей етіп көрсетіп, сондай көзқарасты қалыптастырғысы келеді. Проблемалық деген телехабарлардың өзегінде әлеуметтік зерттеу, саралап зерделеу жағы ақсаулы. Демек, хабарларда көрерменге жылтыр сөз бен жалаң көріністер ғана көрсетіліп, жауырды жаба тоқу байқалуда. Өзіндік бағыт-бағдары мен айтары бар экономистер, философтар, саясаттанушылар, депутаттар сөз алып, өз ойларын ашық ортаға салып жатса, мұнан хабардың тақырыбы ашылып, мән-мазмұны байымас па? Кеңестік тоталитарлық кезеңдегідей тақырыпты тарылтып, көпке белгілі жәйтті қайталаудан әріге аспайтын сұхбат-әңгімелердің кімге керегі бар?! Қалың көрерменді елең еткізіп, салиқалы ойларға жетелер хабарлар аса сирек. Демек, күн сайын сан-салалы бағыттағы телеарналардағы сағаттап берілетін ақпараттар ағынынан аларың шамалы. Бүгінгідей аса қымбат уақыттың әр минуты табыс-бизнеске айналып отырғанда соның бәрін ерінбей-жалықпай көрер адам табыла қояр ма?!

Қай кезеңде де экрандағы хабар неғұрлым жедел әрі қысқалығымен ұтады. Ол көрерменге оқиғаның ізін ала жетіп жатса, қане?! Бұл орайда отандық телеарналарға Ресей теледидарларының жаңалықтарын еріксіз үлгі етуге тура келеді. Қандай ғажап, әрі қысқа, әрі нұсқа. Хабарлары тартымды әрі сонылығымен ғана емес, көптің көкейіндегі жеткізуімен де құнды. Бүгінде елдегі демократияның өрістілігі мен өміршендігін де ақпараттың саналуандығы әрі шыншылдығымен бағалайтын заман. Демек, ақпарат неғұрлым мол әрі жан-жақты, шыншыл әрі мөлдір болған сайын, демократияның өркен жаюы да жеделдей түседі. Бірақ, ақпарат соншалықты көп екен деп, оны елдің беделін түсіруге, ұлттар арасындағы татулыққа сына қағуға, біреуді орынсыз даттауға не асыра мақтауға, жөн-жосықсыз насихат құралына айналдыруға тағы болмайды. Сондықтан бүгінгі таңда отандық қай журналист болмасын еліміздегі қоғамдық келісімнің бұзылмауын, саяси тұрақтылықтың беки түскенін қалайды. Олардың әрбірі тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін өскелең ұрпақ санасына сіңірудің қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Елдегі әлеуметтік-экономикалық реформалар барысын журналистер қауымы барынша талдап, күңгейі мен көлеңкелі жағын қатар көрсетіп отырулары тиіс-ті. Соған орай, қоғамдағы әрбір өзгерісті қалт жібермей, ұдайы ортасында жүретін журналистер белсенделігі биіктемесе, еш уақыт төмендемек емес. Бүгінгі таңда Қазақстанда БАҚ-тың ырғақты дамуын қамтамасыз етудің нақты қадамдары қолға

алынуда. Соның бір дәлелі – қосымша құн салығы бойынша жеңілдіктің мерзімі ұзартылып, мемлекеттік тапсырыстарды орындайтын БАҚ-тың ел көлеміндегі таралу ауқымының кеңеюі. Мемлекеттік тілде хабар тарататын теле-радио компанияларын үкімет тарапынан қаржылай қолдау жасау жаңа арнаға түсті. Ақпараттар ғасырын жауапкершілігі мол әрі қарбаласқа толы түрде қабылдаған тележурналистердің иығына үлкен жауапкершілік артылды. Бұл алдымен мемлекеттің ішкі тұрақтылығын, сонан соң ақпарат қауіпсіздігін сақтауға қатысты өрбиді. Мұның қай-қайсысын да бір-бірінен бөле-жара қарауға болмайтын маңызды мәселе екенін журналистер жақсы біледі. Сол себептен де еліміздегі мемлекеттік не тәуелсіз болсын, әр БАҚ-тың алдында халықтың қоғам мен билікке, баспасөзге деген тұрақты сенімін қалыптастыру міндеті тұруы тиіс. Сенім жоқ жерде ештеңе болуы мүмкін емес. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций: ”Қолыңызда әскер, азық-түлік, сенім үшеуі қатар тұрса, алдымен қайсысын алып тастар едіңіз?” деген сауалға “Алдымен әскерді, сонан соң азық-түлікті алып тастар едім” депті. Ал сенімді сақтап қалатынын айтқан. Бұдан ұлы ойшылдың не айтқысы келгенін түсіну аса қиын емес.

Мемлекетіміз нығайып, шаңырағын көтеріп, аяғынан нық тұрып, дүниежүзілік қауымдастыққа толық араласып отырған жиырма бес жылда Қазақстан БАҚ-ның ежелден келе жатқан игі дәстүрлері осы кезең аралығында сақталып ғана қалған жоқ, нығайды, күшейді, өрістеді, дамыды. Сонымен бірге ол жаңаша бағытта, жаңа сипат ала бастады. Бостандыққа негізделген мемлекетіміздің жаңа ақпараттық кеңістігі қалыптасты. Бірақ, бұл бір рет орнығып қозғалмай қалатын құбылыс емес. Оның үнемі өзгеріп, дамып отыруы заңдылық. Еркін ұрпақпен бірге, еркін сөз, еркін ой, соны пікір айта алатын жүзі жарқын, сөзі батыл журналистер легі қоғамға мейлінше араласа алса – ол да тікелей сөз бостандығының нәтижесі.

Қазіргі таңда Қазақстандық БАҚ демократиялық қоғам кезеңіндегі жүрер жолын айқындаған биік дәрежеге көтерілді. Шын мәнінде БАҚ ресми емес “төртінші билік” деп танылады. Әсіресе мемлекеттік емес, яғни тәуелсіз телеарналар мен басылымдар саны қазір Қазақстан аумағында Орталық Азияның бізден басқа төрт мемлекетіндегі БАҚ-рын қосқандағыдан әлдеқайда артық. Қазақстан бұл бағытта да тек көршілер емес, ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып тәуелсіз БАҚ-қа еркіндік, құқықтық жағдай туғызып, олардың кең таралымдылығына мүмкіндік берді. 1992 жылдың қазан айында Алматыда ЮНЕСКО мен Қазақстан Үкіметі бірлесіп өткізген Тәуелсіз баспасөз ақпарат құралдарының халықаралық конференциясына дүние жүзінің елдерінен 160-тан астам телерадиокомпаниялар мен әйгілі газет-журналдар редакцияларының, баспалардың өкілдері қатынасан,

Алматы Декларациясы қабылданды. Тәуелсіз БАҚ-дың ешқандай шектеусіз, цензурасыз заң жүзінде тіркеліп, баспасөз рыногына араласуы – демократиялық мемлекеттің ең көрнекті көрсеткіші. Қазақ мемлекеті өз тарапынан бұл бағытта аз жұмыс жасаған жоқ. Құрылтайшылардың құқықтары жеткілікті БАҚ-ның өмір сүруін қамтамасыз ететін заңдар да жұмыс істейді. БАҚ-тар кейде сол заңдардың өзіне риза болмай жатады. Заң ешқашан белгілі бір топ, немесе саланың ғана мүддесін қорғау үшін жасалмайды. Заң қашанда халықтың, мемлекеттің мүддесін қорғауға міндетті.

Журналист мейлінше шыншыл және әділ болу арқылы ғана жұртшылық сеніміне енеді. БАҚ-тар мен журналистер өз материалдарының кейіпкерлерін өзгелердің пікіріне төзімді болуға үйрете және талап ете отырып, бірінші кезекте өздері үлгі көрсетсе, БАҚ туралы заңға сәйкес тиісті мемлекеттік органдар олармен санасып, сыни материалдарға соған сәйкесті жауап қайтару үшін құқықтық қатынасқа да ықпал ете алар еді. Жазатын қауымның жеке жауапкершілігі басты мәселе. Биліктің бірде-бір тармағының, лауазым иесінің билікке монополиялы құқығының болмайтыны тәрізді, ол құқық бірде-бір олигарх бен бірде-бір саяси топта да болмауға тиіс. Журналистердің де басылымның да эфир сөзін монополиялай алмайтыны табиғи жайт. Біз сөз бостандығында көп нәрсеге қол жеткіздік, ол жетістікті тек тиімді пайдалана білгенде ғана сөз бостандығын сақтап әрі әділ, орынды сын болғанда ғана біз демократиялық құндылықтарымызды одан әрі дамыта аламыз.

Жарты ғасырдан астам мерзім ішінде Қазақ теледидарының қол жеткізген тамаша табыстары да мол, олқы соғып, кем түсіп, жоғалтқандары да жетерлік. Осы мерзім аралығында теледидар елеулі өзгеріске түсіп, түрлі реңкке еніп, көптеген отандық, алыс-жақын шетелдің телекомпанияларына көп жағынан үлгі бола білді. Егемендік елестен шындыққа айналған кезеңде отандық теледидар шын мәнінде плюралистік бағытқа қадам басты. Елімізде бүгінде мемлекеттік және мемлекеттік емес – спутник арқылы метрлік, дециметрлік толқында хабарлар тарататын арнаулы жүйелер бар. Телехабарлар да түрлі формалар мен пішіндерге ене отырып, оларға деген монополиялық позиция әлсіреп, мемлекет пен мемлекеттік емес хабар тарату құрылымдарының өзі де едәуір өзгеріске түсті. Осындай аумалы-төкпелі жағдайда, көпшілігінде көрермен ұтысқа шығып жатса да, алайда олардың жоғалтатындары да аз болмайды. Бұған телеэкраннан күн санап өтіп жатқан хабарлар легін байқау, саралау барысында көз жеткізуге болады.

Алдымен отандық теледидардың табыстары мен жоғалтқандарына талдау жасап, баға беру үшін, теледидар төңірегіндегі бүгінгі таңдағы

шешімін табуға тиісті негізгі проблемаларға назар аударған жөн. Электронды ақпарат құралдарына қысқа әрі нұсқа да болса, дәл әрі орнықты пікірді ағылшын лорды, Би-Би-Си компаниясының тұңғыш бас директоры Джон Рейт берген еді. Ол хабар тарату саясатынан – “хабарлау, ағарту, көңіл-көтеру” секілді үш негізгі принципті бөліп алды, әрі олар бүгінгі күні де радио мен теледидарға айқындаушы әрі бағыт беруші ретінде қалып отыр. Егер осы үш бағыт жайлы айтқанда, соның ішіндегі хабарлау саласында теледидардың қызғылықты, оперативті, тартымды, көппланды, ауқымды бола түсіп, оның көзқарас, пікірге кең жол ашқандығын атап айтуға тиіспіз. Экраннан Қазақстанның ішкі және сыртқы тыныс-тіршілігін беруде түбірлі өзгеріс пайда болып, ол күнделікті жаңалықтардың алтын арқауына айналды. Кеңестік заманда теледидар тәжірибесінде сыртқы саясат аз берілетін де, оның орнына ішкі өмірге орын мол беріліп, әрі ол көпшілігінде біржақты позиция ұстанып, капиталистік жүйені құбыжық етуге бағытталатын.

Қазақ теледидарының ақпараттық палитрадағы байлығын сөз жоқ, жетістік ретінде бағалау لازым. Шын мәнінде, біздің отандық теледидарлар әлемдік ақпарат кеңістігіне еніп, бір мезгілде маңызды әлемдік жаңалықтарды өзге елдердің телевизиялық орталықтарымен қатар беруде. Мұның өзі отандық теледидардың ғаламдасу кезеңінде ақпараттарды бұрынғыдан да тиімді, қызғылықты әрі көпқырлы жасауға ұмтылысынан танылады. Алыс-жақын шетелдердегі тілшілердің тірек пункттері ұлғайып, олардың әлемдік Си-Эн-Эн, Би-Би-Си және өзге де спутниктік арналарға еркін түрде кірігулеріне жол ашылып отыр. Одан бөлек, жеке жазылушылар үшін үйдегі антенна арқылы спутниктік хабар таратуға шығуға да мүмкіндік бар. Бүгінде республиканың көптеген қалаларында спутниктік және кабельдік теледидар арқылы әлденеше ондаған, жүздеген арналарды көруге жағдай бар. Мұның өзі көрермендердің өзіне қажетті түрлі ақпараттарды алу мүмкіндігінің бар екендігін көрсетіп отыр. Әрі әлемдік саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің сұхбаттары мен әңгімелерін тыңдап, көру де әлемде не болып жатқанын тікелей бағамдап, байқауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірлікте біздің ақпараттық қызметіміз де халықаралық журналистикада үлкен қиындықтарға кезігіп отыр. Әлемдік журналистикаға талдау мен баға беру дәрежесі де өз мүмкіндігінен әлдеқайда төмен. Шолушылар халықаралық тақырыпқа баға беру кезінде елеулі қателіктер жіберіп жатады. Алайда, осыған қарамастан Қазақстан теледидары ақпарат қызметі саласында елеулі табыстарға қол жеткізді. Мәселен, теледидардағы екінші аспект – көңіл-көтеру бағытындағы бағадарламалар саны өсіп, олардың пішіндері недәуір өзгеріске түсті. Өткен ширек ғасыр көлемінде негізінен шетелдік, алдымен американдық, бразилиялық, мексикандық, түріктік, корейлік

сериалдарды тамашаладық. Егер көпшілік мәдениеттің өз классикасы барын ескерсек, онда біз әлемге әйгілі ленталар мен эстрадалық бағдарламалармен сусындағанымызды да атап өткеніміз жөн болып табылады. Бұл біздің әлемдік мәдениет кеңістігінен молынан қанығуымызға да даңғыл жол ашты. Сонымен бір қатарда көңіл-көтерушілік бағыттағы бағдарламалар өз кемшіліктерімен келіп, төрімізден бір-ақ шықты. Оған көркемдік дәрежесі төмен, зорлық-зомбылық пен эротикалық бағыттағы фильмдерді қосқан орынды. Солай етіп, көпшілік өнім, өзінің плюсі әрі минусымен қат-қабат бірлікте көрермен аудиториясына ентелей келді.

Соңғы кезеңде көпшілік мәдениетте қазақстандық үлгінің өзгеше көрініс беруі байқалуда. Осы тенденция телевидение мен кинода анық байқалуда. Ол табыстармен қатар көңіл-көтерушілік бағдарламаларда тұрпайылықтың пайда болғандығы. Бұл көрермендердің сана-сезімі мен олардың қабылдауларында әдепсіздік пен кейіпсіздікті туындатып отыр. Сондықтан жаңадан өмірге келген “Балапан” және “Білім және Мәдениет” телеарнамыз екі себеппен тиімді нәтижеге қол жеткізген болар еді: біріншіден, көрермендерге ұсынылатын бағдарламалар өнімінің дәрежесін көтеруге, екіншіден, мемлекет есебінен осы сынды бағдарламаларды жүйелі әрі қажетті мөлшерде қаржыландыруға. Осы бағытта келешекте, қоғамдық әлде қоғамдық-құқықтық стандартқа сай жаңа телеарна құру мәселесі. Осы арнаның өмірге келуі екі фактордың әсерімен күйреген коммерциялық арналарда үстемдікке ие болып отырған көпшілік мәдениет және жарнаманы көркемдік тәрбие бағытында өнімді жұмыс жасатуымызға септігін тигізеді.

Кеңестік жүйе кезеңінде теледидарда ағартушылық, оқулық және ғылыми-көпшілік бағыттағы бағдарламалар саны мол болатын әрі олар теледидардан жүйелі түрде, үзбей көрсетілетін. Қазірде “Қазақстан” ұлттық арнасы мен “Хабар” агенттігі не өзге арналарда ағартушылық бағыттағы бағдарламалар некен саяқ. Бүгінде ұрпақ пен қоғам тек қазақ жерінде ғана емес, әлемдік деңгейде мәдени апаттың шегіне келді. Теледидардағы осы зор шығынның орнын болашақта ешбір нәрсемен толтыруға болмайтындығын бүгін түсінбесек, ертең кеш болады. ХХІ ғасыр тарихқа Қазақстан теледидарының ғана емес, әлемдік телеарналардың қайғылы беттері болып жазылуы мүмкін. Сондықтан мол дәстүрі мен тәрбиеде орасан зор арсеналы бар көрермен үшін “Хабар” агенттігінің негізінде “Қоғамдық теледидар” құру мәселесін Парламент алдына мәселе етіп қойған жөн болып табылады.

Табыстарымыз жайлы айтқанмен, уыстан шығарып алған не әлі де болса қол жетпеген проблемалар теледидар саласында жеткілікті. Егер біз телехабарларымызды өзге дамыған елдердің хабарларымен салыстырар болсақ, онда біздің көзімізге екі аспектідегі кемшілік қатар түседі, ол

кабельдік және спутниктік тележүйе. Кабельдік телевидение – бұл тұрғын үй массивтерін қамтитын, әрі соларға қызмет көрсететін кабельдік жүйе. Алайда, кабельдік тележүйенің республика не облыстық деңгейдегі жүйелі тақырыптық бағдарламасы бізде әлі күнге дейін жоқ. Кабельдік телехабар тарату жүйесі құрылымы жағынан журналдық баспа өнімінің құрылымына сай келсе де, ол бізде күні бүгінге дейін тұрақтылыққа айналған жоқ. Отандық инвесторлар болашақта қайтарым беретін кабельдік телевидениеге қаржыларын салудан тайсақтайды. Осыдан келіп біздің әлемдік стандарттан техникалық және программалық жағынан кейін қалуымыз айқын сезілуде. Біздің көрермендер: телевизиялық қажеттілікте метрлік және дециметрлік диапазонмен шектеліп әрі қаржының тапшылығынан да шетел арналарын көрсететін спутниктік каналдарға еркін түрде қол жеткізе алмай отыр. Біз жоғалтқандарымыз қатарында техникалық және қаржылық проблемаларды атап көрсеткенмен, олардан әсте де кем емес мәнді кезеңді атап айтуға тиістіміз. Бүгінде Қазақстан теледидары егемендік лебімен бірге аса саясиленген және түрлі өкіметтік әрі корпоративтік құрылымдар ықпал ететін жағдайға душар болған. Соған орай, азаматтық қоғамның ықпал ету аймағының азаюы өз кезегінде дабылды шаққа жетіп отыр. Кезінде саяси тапсырма кеңестік теледидарды құртуға дейін алып келді. Телекиллерлер теледидарға деген сенімді жоғалтуға дейін келіп, сөз бостандығы идеясының беделін түсіруде. Осы кезеңде аудиторияның телекомпания басшыларынан, әрі телевизиялық қауымдастықтан, кеңестік кезеңнен қалған саясилендіруді және өкіметтік құрылым мен корпоративтік құрылымдардың жаңа бағыт алған қысымшылығын жеңуді талап етулері орынды. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының орта шенінде кеңестік қоғамда жариялылық пен қайта құру басталды. Сол кезеңде телевизия қызметкерлерінің “Бізге еркіндікті берді, алайда ол бағытта не істеу керектігін айтқан жоқ...” деген сөзінде үлкен мән бар. Алайда, теледидар қай кезеңде де қоғам мен оның даму перспективасын өзінің күнделікті сюжеттері мен хабарларында тайға таңба басқандай етіп көрсетпеп пе еді? Сол кезеңнің өзінде де телевизиялық бағдарламалар сан-саладан қоғамның даму процесі мен кемшін тұстарын аяусыз сын тезіне алып жатты. Алғашқы кезеңде отандық телевидение өзінің коммуникациялық табиғатына сай орталықтандырылған жүйеде дамып, ол процесс тар шеңбердегі партиялық талап құқығынан шығып кете алмады. Тоталитарлық мемлекетте субъективті қондырғылар қандай да бір уақытқа сан жағынан өсу (аудитория мен материалдық-техникалық база) және сапа жағынан көрсеткішке (ұнамды бағдарламалар, кәсіби шеберлікті жетілдіру) ыңғайласа білді.

Теледидар – қоғамдық жүйе, ол социум заңымен өмір сүреді,

сондықтан осы процесс қай кезеңде де барлық қоғам үшін актуальды. Ал күнделікті өмір ағымын қалт жібермей қадағалап, соған дер кезінде үн қосып отырған отандық телеарналар үшін бұл қашанда бұлжымас заң.

K. Tursyn¹

¹*Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

THE NEW INFORMATION SPACE IN GLOBALIZATION PERIOD

Abstract: The article discusses the development of the present and future Kazakhstani television in the period of globalization and is selected their qualitative and quantitative sides. The relationship of television with people and society, domestic and foreign policy and a variety of socio - economic trends is being studied and clarified. The author also encompass the reforming changes of daily updates and transformations in media space.

Key words: globalization, media, mass communication, global association, information space, cable TV, a law society.

К. Турсын¹

¹*Университет имени Сулеймена Демиреля, Казахстан, Каскелен*

НОВОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРОСТРАНСТВО В ПЕРИОД ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация: В статье рассматриваются пути развития настоящего и будущего казахстанского телевидения в период глобализации, отбираются их качественные и количественные стороны. Изучаются и уточняются взаимоотношения телевидения с народом и обществом, внутренней и внешней политикой, разнообразными социально-экономическими тенденциями. Кроме того, автором охватываются реформенные изменения в свете ежедневных обновлений и перевоплощений медиа пространства.

Ключевые слова: глобализация, медиа, массовая коммуникация, мировая ассоциация, информационное пространство, кабельное телевидение, закон социума.